

"Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 29 қазандағы №30/3 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысы Шиелі аудандық мәслихатының 2020 жылғы 17 наурыздағы № 51/3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 19 наурызда № 7327 болып тіркелді

“Құқықтық актілер туралы” Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26-бабына сәйкес Шиелі аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. "Тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларын бекіту туралы" Шиелі аудандық мәслихатының 2018 жылғы 29 қазандағы № 30/3 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 6506 нөмірімен тіркелген, 2018 жылғы 19 қарашада Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген тұрғын үй көмегін көрсету Қағидаларының 5-тармағы алынып тасталсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Шиелі аудандық мәслихаты
сессиясының төрағасы*

П. Маханбет

*Шиелі аудандық
мәслихат хатшысы*

Б. Сыздық